

Г.О. Мугауина^{1*} , Н.Ж. Дүйсекеева² , Г.А. Амзеева² , К.Д. Джуманова¹ 

¹ Х.Досмухамедов атындағы Атырау университеті
Атырау қ. 060011, Қазақстан Республикасы

² Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Қызылорда қ. 00000 Қазақстан Республикасы
*e-mail: neka09@mail.ru

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҮЛГЕРІМІНЕ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ ӘСЕРІ

Андатпа

Мақалада студенттердің эмоционалдық тұрақсыздығы мен олардың академиялық үлгерімі арасындағы байланыс талданады. Мақаланың мақсаты - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің эмоционалдық тұрақсыздық (невротизм) деңгейі мен академиялық үлгерімі арасындағы өзара байланысты эмпирикалық түрде зерттеу, сондай-ақ кәсіби-педагогикалық даярлық сапасы үшін психологиялық амандықтың маңыздылығын негіздеу болып табылады. Зерттеу барысында невротицизм деңгейі жоғары студенттердің оқу жетістіктеріне теріс әсер ететіні анықталды. Зерттеуде болашақ бастауыш сынып мұғалімдері арасында сауалнама жүргізіліп, Айзенк тұлғалық сауалнамасының деректері талданды. Невротизм мен GPA арасындағы әлсіз теріс корреляция анықталды, бірақ статистикалық тұрғыдан маңыздылығы шектеулі болды. Зерттеу нәтижелері эмоционалдық тұрақтылықтың студенттердің психологиялық саулығы мен академиялық жетістіктерінде маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Мақалада студенттердің эмоционалдық тұрақтылығын арттыруға бағытталған ұсыныстар беріліп, бұл қасиеттің білім беру сапасын жақсартудағы маңызы талқыланды. Зерттеу нәтижелері болашақ педагог мамандардың кәсіби және тұлғалық дамуын жетілдіруге арналған ғылыми және практикалық негіз ретінде қарастырылады. Зерттеуде деректерді талдау және өңдеу үшін IBM SPSS Statistics бағдарламасының 29-нұсқасы пайдаланылды. Бағдарлама зерттеу мақсаттарына сәйкес келетін және сенімді статистикалық қорытындылар алуға мүмкіндік беретін түрлі әдістер мен тесттерді қолдануға жағдай жасады. Деректердің үлестірімге сәйкестігін анықтау үшін Колмогоров-Смирнов және Шапиро-Уилк тесттері жүргізілді. Айнымалылар арасындағы байланысты анықтау мақсатында Спирменнің рангілік корреляциясы есептелді, себебі деректер қалыпты үлестірімге сәйкес болмады. Айзенк сауалнамасының шкалаларының сенімділігі Cronbach's α көрсеткіші арқылы бағаланды. Сипаттамалық статистика негізгі айнымалылардың орташа мәндерін, стандартты ауытқуларын, ең төменгі және ең жоғары көрсеткіштерін анықтауға мүмкіндік берді. Бұл әдістер зерттеуге қатысушылардың тұлғалық және академиялық ерекшеліктерін тереңірек зерттеуге ықпал етті. Қолданылған әдістемелер талдау үдерісінің дәлдігі мен сенімділігін қамтамасыз етіп, алынған нәтижелерге негіз болды.

Негізгі сөздер: эмоционалдық тұрақтылық, невротицизм (эмоционалдық тұрақсыздық), экстроверсия, интроверсия, академиялық үлгерім.

Кіріспе

Индустриялану, бәсекелестік және қарама-қайшылықтармен ерекшеленетін қазіргі заманауи қоғамда эмоциялар адамның өмірінде үлкен маңызға ие. Ақпараттар мәдениет пен тыныштықтың төмендеуі, зорлық пен күйзелістің артуы туралы мәліметтерге толы. Сол себепті, эмоциялық тұрақтылықты тұлғаның ерекшелігі ретінде зерттеу маңызды, өйткені бұл эмоцияларды дұрыс басқаруға және күйзелісті жағдайларда үйлесімділікті сақтауға септігін тигізеді. М. Тейт (Tait, 2008) эмоционалдық тұрақтылықты педагогикалық практика аясында стресстік жағдайларда дамытуға және іске қосуға болатынын атап көрсетеді [1].

Қазіргі экономикалық жағдайда студенттердің денсаулық деңгейі осы өмір сатысының жас ерекшеліктерімен, қарқынды дамуымен, жеке тұлғаның қалыптасу үдерісімен, сондай-ақ ағзаның маңызды жүйелерінің жетілуімен тығыз байланысты, бұл аталған мәселенің маңыздылығын айқындайды. Бұл кезеңде ағза сыртқы ортаның

жағымсыз әсерлеріне ерекше бейім болып, сонымен қатар қолайлы ықпалдарға өте сезімталдық танытады. Осыған орай, бірнеше мемлекеттік бағдарламалар білім беру процесіне қатысушылардың психологиялық саулығын нығайтуға бағытталған. Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытуға арналған 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында білім алушылардың интеллектуалдық және психофизикалық дамуын қамтамасыз ету қажеттілігі ерекше атап көрсетілген [2].

Эмоционалдық тұрақтылыққа қарама-қарсы ұғым – эмоционалдық тұрақсыздық немесе невротизм. Л.П. Баданина мен академик В.В. Бойко тұжырымдамаларына сүйене отырып, біз студенттердің эмоционалдық тұрақсыздығын эмоционалды саланың теңгерімсіздігіне бейімділік ретінде талданады. Бұл невротизм, эмоционалдық реактивтілік және аффективті мінез-құлық деңгейінің жоғарылауымен көрінеді, бұл университеттегі оқу процесіне бейімделуді қиындатады, академиялық үлгерімді төмендетеді және білім беру ортасындағы әлеуметтік қарым-қатынасқа теріс әсер етеді [3].

Эмоционалды тұрақты адамдар күнделікті өмірде көңіл-күйдің ауытқуына, уайымға тап болған жағдайда сабырлық танытады. Олар кез келген қиындыққа байыпты көзқарасты сақтай алады, бұл оларға ұтымды ойлап, дұрыс шешім қабылдауға және жағдайды объективті бағалауға мүмкіндік береді [4].

Сонымен қатар, К. Пантер-Брик пен Дж. Ф. Лекман (Panter-Brick & Leckman, 2013) эмоционалдық тұрақтылықты бақыт сезімін сақтауға бағытталған процесс ретінде сипаттайды. Бұл процесс бала дамуының түрлі аспектілерімен және олардың әл-ауқатына ықпал ететін өзара байланысқан жолдармен түсіндіріледі [5].

Торндайк пен Хагеннің пікірінше, тұлғаның эмоционалдық тұрақтылығы көңіл-күйдің, ниет пен қызығушылықтың тұрақтылығымен, сондай-ақ оптимизммен, көңілділікпен, өзін-өзі ұстай білумен, физикалық және психикалық әл-ауқат сезімімен сипатталады. Сонымен қатар, бұл жағдай кінәнің, алаңдаушылықтың немесе жалғыздықтың болмауын, сондай-ақ позитивті ойлар мен күйлердің болуын қамтиды [6].

Осылайша, эмоционалдық тұрақтылық психологиялық саулықтың маңызды бөлігі болып табылады, ол адамға эмоционалдық тұрақсыздықты, стрессті тиімді жеңуге және түрлі жағдайларда ішкі тепе-теңдігін сақтауға көмектеседі. Бұл зерттеудің мақсаты – келесідей гипотезаны тексеру: невротизм деңгейі (эмоционалдық тұрақсыздық) студенттердің академиялық үлгеріміне (GPA) теріс әсер етеді. Деректер Айзенк сауалнамасы арқылы жиналды. Сауалнама невротизм, экстраверсия, интроверсия шкалаларын және валидтілікті бақылауға арналған қосымша сұрақтарды («Жалғандық» шкаласы) қамтыды. Сондай-ақ сауалнамаға қатысқан студенттердің GPA деректері жиналды.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеуде деректерді өңдеу және статистикалық талдау үшін IBM SPSS Statistics бағдарламасының 29-нұсқасы қолданылды. Бағдарлама зерттеу мақсатына сәйкес келетін және сенімді статистикалық нәтижелер алуға мүмкіндік беретін әртүрлі құралдар мен тесттерді қолдануға мүмкіндік берді. Деректердің қалыпты көрсеткіштеріне сәйкес келуін анықтау үшін Колмогоров-Смирнов және Шапиро-Уилк тесттері жүргізілді. Айнымалылар арасында байланысты анықтау мақсатында Спирменнің рангілік корреляциясы есептелді. Бұл әдіс деректердің қалыпты үлестірімге сәйкес келмеуіне байланысты қолданылды. Айзенк сауалнамасының шкалаларының сенімділігін тексеру үшін Cronbach's α көрсеткіші есептелді. Сипаттамалық статистика әрбір айнымалының негізгі сипаттамаларын, соның ішінде орташа мәндер, стандартты ауытқулар, ең төменгі және ең жоғары мәндерді анықтау үшін қолданылды. Бұл зерттеуге қатысушылардың тұлғалық және академиялық ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. SPSS бағдарламасының 29-нұсқасы зерттеу үшін қажетті статистикалық құралдарды қамтамасыз етті. Қолданылған әдістердің

нәтижелері деректерді талдау процесінің дәлдігі мен сенімділігін қамтамасыз етуге көмектесті. Зерттеу барысында алынған қорытындылар осы әдістердің нәтижелеріне негізделді.

Зерттеу Sato T. (2005) «Айзенктің тұлғалық сауалнамасының қысқаша нұсқасы: факторлық құрылым және сенімділік» мақаласына негізделген [7]. Бұл еңбекте Ганс Айзенк анықтаған экстраверсия-интроверсия және невротизмге (эмоционалдық тұрақсыздық) ерекше назар аударылған. Аталған факторлардың адамның мінез-құлқына, эмоционалдық реакцияларына және әлеуметтік ортамен өзара әрекеттесу ерекшеліктеріне айтарлықтай ықпал ететіндігі қарастырылған. Зерттеу жұмысына Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 6В01303 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының және Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 6В01301-Бастауыш білім беру деңгейінің педагогы білім бағдарламасының студенттері қатысты. Респонденттер аталған бағдарламаның күндізгі оқу нысанында білім алатын 2-4 курс студенттері болып табылады. Бұл таңдама зерттеу тақырыбының талаптарына сәйкес келетін, яғни болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби және тұлғалық ерекшеліктерін жан-жақты талдауға мүмкіндік беретіндей етіп іріктелді. Зерттеуге қатысқан студенттердің тұлғалық және эмоционалдық ерекшеліктерін зерттеу нәтижелері бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі саласында білім алушылардың кәсіби дайындық деңгейін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Айзенк сауалнамасы психологиялық диагностикада тұлғаның эмоционалдық тұрақтылығын немесе тұрақсыздығын анықтау үшін қолданылады. Ол мазасыздық деңгейі жоғары немесе депрессияға бейім адамдарды анықтауға көмектеседі. Сонымен қатар экстраверсия, интроверсия, және невротизм деңгейлерін зерттеу арқылы адамның тұлғалық бейнесін құруға мүмкіндік береді. Сауалнама 57 сұрақтан тұрады. Сауалнама сұрақтарына жауаптар «Иә» немесе «Жоқ» нұсқаларымен шектелді. Қатысушыларға сауалнаманы толтыруға шамамен 20 минут қажет болады. Жауап беруде ұзақ ойланудың қажеті жоқ, алғашқы реакция маңызды болып табылады. 80 респонденттің жауаптары «иә» - 1, «жоқ» - 2 деп кодталды. Невротизм, экстраверсия, интроверсия және «Жалғандық» шкалалары бойынша балдар есептелді. Жауаптардың сенімділігін қамтамасыз ету үшін «жалғандық» деңгейі жоғары (LieScore ≥ 10) қатысушылар талдаудан шығарылып, нәтижесінде 51 респонденттің жауаптары қалдырылды.

Бұл зерттеу болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің академиялық үлгеріміне (GPA) невротизм деңгейінің ықпалын анықтауға бағытталды. Жұмыста сандық әдіс қолданылды, себебі ол нақты әрі объективті мәліметтерді жинауға және статистикалық талдау арқылы қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. Сауалнама жалпы 120 қатысушыға Google формалар платформасы арқылы таратылды. Алғашқы екі аптада жауаптар баяу жиналды, сол себепті қатысушыларға қосымша телефон арқылы хабарласып, еске салу хаттарын жіберуге тура келді. Нәтижесінде, үш апта ішінде 80 қатысушыдан толық жауап алынып, олар деректерді талдау мен бағалауға пайдаланылды. Бұл сауалнаманың негізгі мақсаты – қатысушылардың невротизм деңгейі мен олардың академиялық жетістіктері арасындағы байланысты зерттеу. Айзенк сауалнамасы тұлғаның негізгі ерекшеліктерін бағалауда кеңінен қолданылатын сенімді құрал ретінде танылды. Әсіресе оның қысқартылған нұсқалары студенттердің жеке ерекшеліктерін зерттеу және бағалауда тиімділігімен ерекшеленеді. Төменде әртүрлі зерттеулердің нәтижелері негізінде сауалнаманың қолданылуы мен оны жетілдіру мүмкіндіктері қарастырылады.

Зерттеу барысында Braithwaite&Corr пікіріне мән бердік. Braithwaite&Corr (2016) зерттеуінде Айзенк сауалнамасының қысқартылған нұсқасының студенттердің жеке ерекшеліктерін зерттеуде пайдалы құрал екендігі атап өтілген. Бұл сауалнамалар когнитивтік қабілеттерді, эмоционалдық тұрақтылықты және тұлғалық қасиеттерді бағалауға мүмкіндік береді [8].

Сауалнама шкалаларының ішкі үйлесімділігін анықтау үшін Cronbach's α көрсеткіші есептелді. Бұл көрсеткіш шкалалардың ішкі үйлесімділігі мен сенімділік деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. Алынған нәтижелер экстраверсия және интроверсия шкалаларының сенімділік деңгейі төмен екенін және олардың зерттеудің негізгі қорытындыларын жасауға ықпал ете алмайтынын көрсетті. *Экстраверсия шкаласының* өте төмен Cronbach's α мәні (0.058) оның сауалнамадағы сұрақтардың арасында біртұтастықтың жоқтығын білдіреді. Сол себепті бұл шкала талдаудың әрі қарайғы кезеңдеріне енгізілген жоқ. *Интроверсия шкаласының* орташа Cronbach's α мәні (0.576) кейбір сенімділік бар екенін көрсетсе де, зерттеу мақсаттары үшін жеткіліксіз деп бағаланды. Сонымен қатар, *Невротизм шкаласы* ($\alpha = 0.788$) жоғары ішкі үйлесімділік деңгейін көрсетті, бұл оның зерттеуге жарамды және нәтижелерді интерпретациялау кезінде қолдануға лайықты екенін дәлелдейді (1-кесте). Бұл көрсеткіш сауалнаманың бұл бөлігінің деректерді талдау мен ғылыми қорытындылар жасау үшін жеткілікті сенімді екенін білдіреді. Экстраверсия және интроверсия шкалаларының сенімділік деңгейінің төмен болуына байланысты оларды зерттеудің әрі қарайғы кезеңдеріне енгізу орынсыз деп танылды. Невротизм шкаласы зерттеу барысында қолданылып, оның негізінде тұжырымдар жасалды. Бұл нәтижелер зерттеудің әдістемелік бөлігі мен сауалнаманың сенімділігін жақсарту үшін шкалаларды қайта қарау қажеттілігін көрсетеді.

Осы зерттеуде қолданылған шкаланың сенімділігі үшін Альфа Кронбаха коэффициенті берілген. Әлеуметтік ғылымдарда жиі қолданылатын бұл сынақтың стандартты мәні 0.70. (Taber, 2018).

Кесте 1 - Экстраверсия, интроверсия және невротизм шкалаларының сенімділік нәтижелері

Альфа Кронбах	N элементтері
058	14
Альфа Кронбах	N элементтері
576	14
Альфа Кронбах	N элементтері
788	14
Ескерту: Авторлармен құрастырылған	

Нәтижелер және оларды талқылау


1. Зерттеуде сипаттамалық статистика қатысушылардың тұлғалық және академиялық ерекшеліктерін терең түсіну, айнымалылардың негізгі сипаттамаларын анықтау және деректердің сапасын бағалау үшін жүргізілді. Бұл талдау зерттеу нәтижелерінің сенімділігін қамтамасыз етуге және айнымалылар арасындағы байланыстарды зерттеуге негіз болады. Зерттеу нәтижелері бойынша сипаттамалық статистика әрбір айнымалының негізгі сипаттамаларын көрсетеді. Қатысушылардың жалпы саны 51 студентті құрады. Деректердің толықтығы қамтамасыз етілді. Зерттелген айнымалылардың сипаттамалары бойынша қатысушылардың GPA көрсеткіші 2.40-тан 3.90-ға дейінгі диапазонда болды. Орташа мәні 3.2569, стандартты ауытқуы 0.46097 құрады. Бұл көрсеткіш зерттеуге қатысушылардың үлгерім деңгейі негізінен жақсы екенін көрсетеді. Экстраверсия деңгейі 5-тен 12-ге дейін таралған, орташа мәні 8.27, стандартты ауытқуы 1.563. Қатысушылардың экстраверсия деңгейі орташа деңгейде екенін көрсетеді. Невротизм шкаласының мәндері 0-ден 12-ге дейінгі диапазонда анықталды. Орташа мәні 4.75, стандартты ауытқуы 3.084. Бұл көрсеткіш невротизм деңгейінің қатысушылар арасында айтарлықтай әртүрлі екенін көрсетеді. Интроверсия шкаласының мәндері 2-ден 12-ге дейін өзгерген. Орташа мәні 6.96, стандартты ауытқуы 2.341. Қатысушылардың

интроверсия деңгейі орташа деңгейде болды. Қатысушылардың оқу тобы 2-ден 4-ші курс аралығында. Орташа мәні 2.86, стандартты ауытқуы 0.895. Бұл зерттеуге негізінен 2-ші және 3-ші курс студенттері қатысқанын көрсетеді. Сипаттамалық статистика нәтижелері зерттеуге қатысушылардың тұлғалық және академиялық ерекшеліктері туралы маңызды ақпарат береді. Орташа мәндер, стандартты ауытқулар және айнымалылардың таралуы зерттеу деректерінің сенімділігі мен нақтылығын қамтамасыз етеді. Бұл мәліметтер зерттеудің негізгі гипотезасын тексеруге және болашақта нәтижелерді интерпретациялауға негіз болады (1-кесте).

Кесте 2 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің академиялық үлгерімі мен психологиялық сипаттамалары бойынша статистикалық көрсеткіштері

Көрсеткіш	N	Ең аз мән	Ең көп мән	Орташа мәні	Ауытқу
GPA	51	2.40	3.90	3.2569	46097
Экстраверсия	51	5	12	8.27	1.563
Невротизм	51	0	12	4.75	3.084
Интроверсия	51	2	12	6.96	2.341
Оқу тобы	51	2	4	2.86	895
Рұқсат етілген N (тізім бойынша)	51				
Ескерту: Авторлармен құрастырылған					


Экстраверсия деңгейі бойынша студенттердің көрсеткіштері бойынша зерттеуге қатысқан 51 студенттің экстраверсия деңгейі мен оқу топтары арасындағы байланысы талданды. Экстраверсия деңгейі 5-тен 12-ге дейінгі аралықта бағаланды. Қатысушылар 2-4 курс студенттерінен тұрды. 2-курс студенттері (N = 24), қатысушылардың экстраверсия деңгейі орташа төмен болып, ең жиі деңгей 7 баллды құрады (N = 7). 3-курс студенттері (N = 10), экстраверсия деңгейі 6-дан 10-ға дейін өзгеріп, 9 балл ең жиі кездесті (N = 3). 4-курс студенттері (N = 17), экстраверсия деңгейі жоғарырақ болып, 9 балл ең жиі кездесті (N = 8). Жалпы алғанда, экстраверсия деңгейі 9 балл ең көп кездескен (N = 15), ал 5 және 12 деңгейлері ең аз таралған (әрқайсысы N = 1). Бұл нәтижелер курстар арасында экстраверсия деңгейінің біртіндеп жоғарылауы мүмкіндігін көрсетеді. Талдау нәтижелері студенттердің тұлғалық ерекшеліктерін түсінуге және олардың оқу үдерісіндегі психологиялық бейімділіктерін бағалауға негіз бола алады (1-сурет).



Сурет 1. Экстраверсия кросстабуляциясы


Ескерту: Авторлармен құрастырылған

Оқу тобы мен невротизм деңгейінің байланысы бойынша невротизм деңгейінің жоғарырақ мәндері байқалды. 7 балл ең жиі кездескен деңгей ($N = 4$). Невротизмнің ең жиі кездескен деңгейі 4 балл болды ($N = 9$). 2-курс студенттерінде невротизм деңгейі негізінен төмен болса, 4-курс студенттерінде ол жоғарырақ деңгейде байқалды. Бұл айырмашылық оқу жүктемесі мен академиялық стресс деңгейімен байланысты болуы мүмкін. Нәтижелер студенттердің эмоционалдық ерекшеліктерін түсінуге және олардың оқу үдерісіне бейімделуін бағалауға мүмкіндік береді (2-сурет).



Сурет 2. Оқу тобы мен невротизм деңгейінің өзара байланыс нәтижелері
Ескерту: Авторлармен құрастырылған

Оқу тобы мен интроверсия деңгейінің байланысы бойынша интроверсияның ең жиі таралған деңгейі 7 балл болды ($N = 9$), бұл барлық оқу топтарында байқалды. Сонымен қатар, жоғары интроверсия деңгейі (9-10 балл) негізінен 2-курс және 4-курс студенттерінде жиі кездескен. Бұл нәтижелер студенттердің тұлғалық ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді және олардың интроверсия деңгейі оқу топтары арасында айтарлықтай айырмашылық бар екенін көрсетеді. Нәтижелер студенттердің оқуға бейімделуін жақсарту және олардың эмоционалдық қажеттіліктерін ескеру үшін маңызды болып табылады (3-сурет).



Сурет 3. Оқу тобы мен интроверсия деңгейінің өзара байланыс нәтижелері

Ескерту: Авторлармен құрастырылған

Ardi Findyartini (Findyartini et al., 2021) және оның әріптестері өз зерттеуінде невротизмді эмоционалдық тұрақсыздық, мазасыздық, көңіл-күйдің өзгергіштігі және бейімделу қиындықтарымен байланысты негізгі тұлғалық қасиет ретінде сипаттайды. Big Five Personality теориясы негізінде невротизм деңгейі жоғары тұлғалар негативті эмоциялар мен бейімсіздікке бейім келеді. Зерттеуде невротизмнің академиялық үлгерімге әсері талданып, оның эмоционалдық және когнитивтік функцияларды бұзып, академиялық көрсеткіштерге кері әсер ететіні көрсетілген [9].

M. Wang (Wang et al., 2022) және әріптестері өз жұмысында жоғары невротизм студенттердің оқу үлгерімін төмендететін маңызды фактор екенін анықтаған. Невротизм эмоционалдық тұрақсыздықты күшейтіп, студенттердің оқу барысында кездесетін қиындықтарға бейімделу қабілетін төмендетеді. Бұл тұлғалық қасиет жоғары эмоционалдық тұрақсыздықпен, мазасыздықпен және жағымсыз өмірлік оқиғаларға сезімталдықпен сипатталады [10].

Ahmad Munjirin (Munjirin et al., 2023) және оның әріптестері өз зерттеуінде невротизмнің академиялық жетістіктерге кері әсер ететінін анықтаған [11]. Бұл әсер алаңдаушылық, сенімсіздік, мотивацияның төмендігі сияқты факторлармен байланысты. Невротизм эмоционалдық тұрақсыздықты, алаңдаушылықты, депрессияны, ашуды және стресске қарсы тұрақтылықтың төмендігін білдіреді. Оның негізгі сипаттарына мазасыздық, дұшпандық, депрессия, әлсіздік, импульсивтілік және өзін-өзі төмен бағалау жатады. Осыдан шығатын *гипотеза*: невротизм деңгейі (Neuroticism_Score) студенттердің академиялық үлгеріміне (GPA) теріс әсер етеді.

Бұл зерттеуде студенттердің академиялық үлгерімі (GPA) мен невротизм деңгейі арасындағы байланысты анықтау үшін деректердің дұрыс таралуын тексеру және корреляциялық талдау жүргізілді. Деректердің дұрыс таралуын тексеру нәтижесінде GPA мен невротизм деңгейлерінің қалыпты таралуға сәйкестігі Колмогоров-Смирнов және Шапиро-Уилк тесттері арқылы бағаланды. Екі айнымалы үшін де деректердің дұрыс таралуы гипотезасы қабылданбады ($p < 0.05$), бұл деректердің қалыпты үлестірімге сәйкес келмейтінін көрсетті. (3-кесте).

Кесте 3 - Тесттің жарамдылық нәтижесі

	Колмогоров-Смирнов			Шапиро-Уилк		
	Статистика	Еркіндік дәреже	Маңыздылық деңгейі	Статистика	Еркіндік дәреже	Маңыздылық деңгейі
GPA	.152	51	005	912	51	001
Невро Тизм	.164	51	002	943	51	016
Ескерту: Авторлармен құрастырылған						

Сәйкесінше деректердің дұрыс таралмауына байланысты Спирменнің корреляциялық талдауы қолданылды. Нәтижесі бойынша корреляция коэффициенті ($\rho = -0.271$): невротизм мен GPA арасында әлсіз теріс байланыс анықталды. Бұл невротизм деңгейі жоғарылаған сайын GPA аздап төмендейтінін көрсетеді. Байланыс әлсіз болғанымен, зерттеу контекстінде маңыздылыққа ие болуы мүмкін. Маңыздылық деңгейі ($p = 0.054$), маңыздылық деңгейі стандартты $\alpha = 0.05$ деңгейінен сәл жоғары болғандықтан, байланыс статистикалық тұрғыда маңызды емес, бірақ маңыздылыққа жақын екенін

көрсетеді. Таңдама көлемі (N = 51), бұл таңдаманың көлемі алдын ала қорытындылар жасау үшін жеткілікті, бірақ көлемді ұлғайту нәтижелердің маңыздылығын күшейтуі мүмкін (4-кесте).

Кесте 4 - Спирменнің корреляциялық талдау нәтижесі

Айнымалы			GPA	Невротизм деңгейі
Spearman's rho	GPA	Корреляция коэффициенті Correlation Coefficient	1.000	-271
		Маңыздылық деңгейі		.054
		Sig. (2-tailed)		
		N	51	51
	Neurotism_S core	Корреляция коэффициенті Correlation Coefficient	-.271	1.000
		Маңыздылық деңгейі Sig. (2-tailed)	.054	.
		N	51	51
		Ескерту: Авторлармен құрастырылған		

Алынған нәтижелер негізінде зерттеу процесін жақсарту және болашақта неғұрлым сенімді әрі тиімді талдау жүргізу үшін бірнеше маңызды ұсыныстар ұсынылады. Экстраверсия және интроверсия шкалаларының әлсіз тұстарын анықтап, сенімділікті арттыру мақсатында сұрақтарды қайта құру немесе қажетсіз сұрақтарды жою ұсынылады. Невротизмнің академиялық үлгерімге әсер ету ерекшеліктерін толыққанды зерттеу үшін сызықтық емес модельдерді қарастыру қажет. Невротизмнің басқа айнымалылармен өзара әрекеттесуін, мысалы мотивация немесе стресс сияқты факторлармен байланысын анықтау. Бұл оның жанама әсерлерін жақсырақ түсінуге көмектеседі. Бұл ұсыныстар зерттеу процесінің әдіснамасын жетілдіруге және тұлғалық ерекшеліктердің оқу үлгеріміне әсерін анықтауда неғұрлым нақты әрі мағыналы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ұсыныстар студенттердің оқу тәжірибесін жақсартуға бағытталған кешенді интервенцияларды әзірлеуге ықпал етеді. Невротизм деңгейі мен академиялық үлгерім арасында әлсіз теріс байланыс бар, бірақ бұл байланыс статистикалық тұрғыда маңызды емес. Нәтижелер невротицизмнің академиялық үлгерімге әсері бар екенін көрсетеді, бірақ толық түсінік алу үшін әрі қарай зерттеу және модельдерді жетілдіру қажет. Бұл зерттеу студенттердің эмоционалдық тұрақтылығы мен оқу жетістіктерін жақсарту үшін негіз бола алады.

Қорытынды

Зерттеу барысында студенттердің эмоционалдық тұрақтылығы мен олардың академиялық үлгерімі арасындағы байланысты талдау маңызды нәтижелер берді. Алынған мәліметтер негізінде невротицизм деңгейі мен академиялық үлгерімі (GPA) арасында әлсіз теріс корреляция анықталды. Бұл студенттердің невротицизм деңгейі жоғары болған сайын, олардың оқу үлгерімі төмендеуге бейім екенін көрсетті. Дегенмен, байланыс статистикалық тұрғыда маңызды емес болғандықтан, болашақта үлкенірек іріктеме көлемінде және кеңейтілген әдістер арқылы қосымша зерттеулер жүргізу қажет. Зерттеу нәтижелері эмоционалдық тұрақтылықтың студенттердің психологиялық саулығы мен

академиялық жетістіктерінде айтарлықтай рөл атқаратынын көрсетті. Невротизм деңгейі жоғары студенттер эмоционалдық тұрақсыздық пен стресс жағдайларына бейім болып, бұл олардың оқу үлгеріміне теріс әсер етуі мүмкін. Сондықтан студенттердің эмоционалдық тұрақтылығын дамытуға бағытталған қолдау бағдарламалары мен интервенциялар енгізу білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі болуы тиіс. Эмоционалдық тұрақтылықты дамыту арқылы студенттер тек академиялық жетістіктерге қол жеткізіп қана қоймай, өмірдегі қиындықтарды тиімді еңсеруге және ішкі тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік алады. Бұл зерттеу студенттердің тұлғалық ерекшеліктері мен оқу нәтижелерін жақсарту мақсатында білім беру жүйесін жетілдіру үшін құнды ақпарат ұсынады. Алдағы зерттеулерде эмоционалдық тұрақтылықтың басқа факторлармен өзара байланысын зерттеу және студенттердің психологиялық саулығын қолдау үшін кешенді тәсілдерді әзірлеу маңызды болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Tait, M. Resilience as a contributor to novice teacher success, commitment, and retention. // *Teacher Education Quarterly* [Text]. - 2008. - 35(4), P. 57-70

2 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. (2022). Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Әділет ақпараттық жүйесі. [Электрондық ресурс] — URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2200000941#z906> (Қаралу уақыты: 05.02.2025)

3 Бойко, В.В. Психоэнергетика. // В.В. Бойко. - СПб.: Изд-во «Питер», 2008.- 490 с.

4 Arora, R., & Rangnekar, S. Relationships between emotional stability, psychosocial mentoring support, and career resilience. // *Europe's Journal of Psychology* [Text]. - 2015. - 11(1). - P.16-33.

5 Panter-Brick, C., & Leckman, J. F. Editorial commentary: Resilience in child development – interconnected pathways to wellbeing. // *Journal of Child Psychology and Psychiatry* [Text]. 2013. - 54. - P.333-336.

6 Chaturvedi, M., & Chander, R. Development of emotional stability scale. *Industrial Psychiatry Journal* [Text]. - 2010.- 19 (1). - 37-40.

7 Sato, T. The Eysenck Personality Questionnaire Brief Version: Factor Structure and Reliability. // *The Journal of Psychology* [Text]. - 2005. -139(6). - P. 545-552.

8 Braithwaite R., & Corr, P. J. Hans Eysenck, education, and the experimental approach: A meta-analysis of academic capabilities in university students. // *Personality and Individual Differences* [Text]. - 2016. - 103. - P.163-171.

9 Findyartini, A., Greviana, N., Putera, A. M., Sutanto, R. L., Saki, V. Y., & Felaza, E. The relationships between resilience and student personal factors in an undergraduate medical program. // *BMC Medical Education* [Text]. - 2021. - 21. - P.113.

10 Wang, M., Li, J., Yan, G., Lei, T., Rong, W., & Sun, L. The relationship between psychological resilience, neuroticism, attentional bias, and depressive symptoms in college Chinese students. // *Frontiers in Psychology* [Text]. - 2022. - 13.- P. 1-10.

11 Munjirin, A., Pahlevi, F., Karmiyati, D., & Assakinah, N. F. Relationship between neuroticism personality and academic performance. *Amandemen: Journal of Learning, Teaching and Educational Studies* [Text]. - 2023.-1(2). - P.51-61.

ВЛИЯНИЕ ЭМОЦИОНАЛЬНОЙ УСТОЙЧИВОСТИ НА АКАДЕМИЧЕСКУЮ УСПЕВАЕМОСТЬ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

Аннотация

В статье анализируется взаимосвязь между эмоциональной неустойчивостью студентов и их успеваемостью. Цель статьи - эмпирически исследовать взаимосвязь между уровнем эмоциональной неустойчивости (невротизма) и академической успеваемостью студентов — будущих учителей начальных классов, а также обосновать значимость психологического благополучия для качества профессионально-педагогической подготовки. Исследование показало, что высокий уровень невротизма отрицательно влияет на успеваемость студентов. В исследовании был проведен опрос будущих учителей начальных классов, и были проанализированы данные анкеты личности Айзенка. Была обнаружена слабая отрицательная корреляция между невротизмом и средним баллом, но она была статистически незначимой. Результаты исследования показали, что эмоциональная стабильность играет важную роль в психологическом благополучии и академических достижениях студентов. В статье даны рекомендации, направленные на

повышение эмоциональной устойчивости студентов, обсуждено значение этого свойства в улучшении качества образования. Результаты исследования рассматриваются как научная и практическая основа для совершенствования профессионального и личностного развития будущих педагогических специалистов. В исследовании использовалась версия 29 IBM SPSS Statistics для анализа и обработки данных. Программа создала условия для использования различных методов и тестов, которые соответствуют целям исследования и позволяют получать достоверные статистические выводы. Для определения соответствия данных распределению были проведены тесты Колмогорова-Смирнова и Шапиро-Уилка. Корреляция ранга Спирмена была рассчитана с целью определения взаимосвязи между переменными, поскольку данные не соответствовали нормальному распределению. Надежность шкал опроса Айзенка оценивалась с помощью показателя α Кронбаха. Описательная статистика позволила определить средние значения, стандартные отклонения, минимальные и максимальные значения основных переменных. Эти методы способствовали более глубокому изучению личностных и академических особенностей участников исследования. Используемые методики обеспечили точность и надежность процесса анализа и легли в основу полученных результатов.

Ключевые слова: будущие учителя начальных классов, эмоциональная устойчивость, невротизм (эмоциональная неустойчивость), экстраверсия, интроверсия, академическая успеваемость

THE IMPACT OF EMOTIONAL STABILITY ON THE ACADEMIC PERFORMANCE OF FUTURE PRIMARY SCHOOL TEACHERS

Abstract

This article analyzes the relationship between students' emotional stability and their academic performance. The purpose of the article is to empirically investigate the relationship between the level of emotional instability (neuroticism) and the academic performance of students—future primary school teachers—and to substantiate the importance of psychological well-being for the quality of professional teacher training. The study showed that a high level of neuroticism negatively affects student academic performance. The study surveyed future primary school teachers and analysed data from the Eysenck Personality Questionnaire. A weak negative correlation was found between neuroticism and the average score, but statistically significant was limited. The study found that emotional stability plays an important role in students' psychological well-being and academic achievement. The article provides recommendations to increase students' emotional stability and discusses the importance of this property in improving the quality of education. The research results are considered as a scientific and practical basis for improving the professional and personal development of future pedagogical specialists. The study used version 29 of IBM SPSS Statistics for data analysis and processing. The program has created conditions for using various methods and tests that align with the study's objectives and enable reliable statistical conclusions. Kolmogorov-Smirnov and Shapiro-Wilk tests were performed to determine whether the data were consistent with the distribution. The Spearman rank correlation was calculated to assess the relationship between the variables, as the data did not follow a normal distribution. The reliability of Eysenck's survey scales was assessed using the α Cronbach's exponent. Descriptive statistics allowed us to determine the average, standard deviation, minimum, and maximum values of the main variables. These methods contributed to a deeper study of the personal and academic characteristics of the study participants. The methods used ensured the accuracy and reliability of the analysis and served as the basis for the results obtained.

Keywords: future primary school teachers, emotional stability, neuroticism (emotional instability), extraversion, introversion, academic performance

REFERENCES

1. Tait, M. Resilience as a contributor to novice teacher success, commitment, and retention. // *Teacher Education Quarterly* [Text]. - 2008. - 35(4), P. 57-7 [in English]
2. Qazaqstan Respublikasy Ükimetiniñ qaulysy. (2022). Qazaqstan Respublikasynda bilim berudi damytudyñ 2022–2026 jylдарға арналған тўжырымдамасын бекити туралы. Әділет ақпараттық жүйесі. [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan. (2022). On the approval of the Concept for the Development of Education in the Republic of Kazakhstan for 2022–2026] Available at: — URL:<https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2200000941#z906> (accessed: 05.02.2025)
3. Boiko, V.V. Psihoenergetika // V.V. Boiko. - SPb.: İzd-vo «Piter», 2008. - 490 s. [in English]
4. Arora, R., & Rangnekar, S. Relationships between emotional stability, psychosocial mentoring support, and career resilience. // *Europe's Journal of Psychology* [Text]. - 2015. - 11(1). - P.16–33. [in English]
5. Panter-Brick, C., & Leckman, J. F. Editorial commentary: Resilience in child development – interconnected pathways to wellbeing. // *Journal of Child Psychology and Psychiatry* [Text]. 2013. - 54. - P.333-336. [in English]

6 Chaturvedi, M., &Chander, R. Development of emotional stability scale. Industrial Psychiatry Journal [Text]. - 2010.- 19 (1). - 37–40. [in English]

7 Sato, T. The Eysenck Personality Questionnaire Brief Version: Factor Structure and Reliability. // The Journal of Psychology [Text]. - 2005. -139(6). - P. 545–552. [in English]

8 Braithwaite R., &Corr, P. J. Hans Eysenck, education, and the experimental approach: A meta-analysis of academic capabilities in university students. // Personality and Individual Differences [Text]. - 2016. - 103. - P.163-171. [in English]

9 Findyartini, A., Greviana, N., Putera, A. M., Sutanto, R. L., Saki, V. Y., &Felaza, E. The relationships between resilience and student personal factors in an undergraduate medical program. // BMC Medical Education [Text]. - 2021. - 21. - P.113. [in English]

10 Wang, M., Li, J., Yan, G., Lei, T., Rong, W., & Sun, L. The relationship between psychological resilience, neuroticism, attentional bias, and depressive symptoms in college Chinese students. // Frontiers in Psychology [Text]. - 2022. - 13.- P. 1-10. [in English]

11 Munjirin, A., Pahlevi, F., Karmiyati, D., &Assakinah, N. F. Relationship between neuroticism personality and academic performance. Amandemen: Journal of Learning, Teaching and Educational Studies [Text]. - 2023.-1(2). - P.51-61. [in English]

Information about authors:

Gulbaram Mugaуina - **corresponding author**, Doctor of Philosophy, Acting Associate Professor of the Department of Psychology and Pedagogy, Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: gulshi.85@mail.ru

ORCID:<https://orcid.org/0000-0002-7102-7134>

Duissekeyeva Nurgul Zhalelatdinovna - Doctor of Philosophy, Senior Lecturer of the Department of "Psychological and Pedagogical Education and Teaching methods" of the Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, 120014, Republic of Kazakhstan

E-mail:neka09@mail.ru

ORCID:<https://orcid.org/0000-0002-0586-7266>

Gulnara Amzeyeva, PhD student, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, 120014, Republic of Kazakhstan

E-mail:gulnaramzeeva@mail.ru;

ORCID:<https://orcid.org/0000-0001-5608-3296>

Jumanova Klara – Master's degree, leading specialist of the Department of Scientific and Technical Information and Project Activities, Atyrau University named after Kh. Dosmukhamedov, Atyrau, Kazakhstan

E-mail:alisherahihan@mail.ru

ORCID:<https://orcid.org/0009-0005-9480-3940>

Информация об авторах:

Мугауина Гулбарам - **основной автор**, доктор философии, и.о. ассоциированного профессора кафедры Психологии и педагогики, Атырауского университета им.Х.Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан

E-mail:gulshi.85@mail.ru

ORCID:<https://orcid.org/0000-0002-7102-7134>

Дүйсекеева Нургуль Жалелатдиновна – доктор философии, старший преподаватель кафедры «Психолого-педагогическое образование и методика обучения» Кызылординского университета имени Коркыт Ата, г. Кызылорда, 120014, Республика Казахстан

E-mail:neka09@mail.ru

ORCID:<https://orcid.org/0000-0002-0586-7266>

Амзеева Гульнара Асетовна, докторант, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, г. Кызылорда, 120014, Республика Казахстан

E-mail:gulnaramzeeva@mail.ru ;

ORCID:<https://orcid.org/0000-0001-5608-3296>

Клара Джуманова – магистр, ведущий специалист отдела научно-технической информации и проектной деятельности Атырауского университета имени Х. Досмухамедова, г.Атырау, Республика Казахстан

E-mail:alisherahihan@mail.ru

ORCID:<https://orcid.org/0009-0005-9480-3940>

Авторлар туралы мәлімет:

Гулбарам Мугауина - **негізгі автор**, философия докторы, Психология және педагогика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: gulshi.85@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7102-7134>

Дүйсекеева Нұргүл – философия докторы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті «Педагогикалық-психологиялық білім беру және оқыту әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы, Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: neka09@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0586-7266>

Гульнара Амзеева - докторант, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: gulnaramzeeva@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5608-3296>

Клара Джуманова - магистр, Ғылыми-техникалық ақпараттар және жоба қызметі бөлімінің жетекші маманы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: alisherahihan@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-9480-3940>